

## Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар кейбір Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 16 мамыр N 110

Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай Заң күші бар Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы" 1995 жылғы 3 қазандағы N 2483 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 19, 118-құжат; N 23, 142 - құжат) :

1 - б а п т а :

бірінші азатжолдағы екінші сөйлем алынып тасталсын;  
екінші азатжол "атауы" деген сөзден кейін "өзінің рәміздері мен айыры белгілері" деген сөздермен толықтырылсын, одан әрі мәтін бойынша;

2-бапта алтыншы азатжол алынып тасталсын;

5 - б а п т а :

екінші азатжол алынып тасталсын;  
үшінші азатжол екінші азатжол болып саналсын, бұл азатжолда "Президенттің Күзет қызметінің бастығы лауазымы бойынша Республикалық ұланның Қолбасшысы болып табылады" деген сөйлем алынып тасталсын;

7 - 1 - б а п а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

8-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Мемлекет Басшысының ақпараттан оқшау қалуына жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің байланыс жүйелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз е т у "

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2710 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 157 - құжат) :

2 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

б)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) Қазақстан Республикасының Президентін, елдің мемлекеттік органдарын, Қарлы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларын бейбіт кезде және соғыс уақытында үкіметтік байланыспен қамтамасыз ету;"

мынадай мазмұндағы 7)-тармақшамен толықтырылсын:

"7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында, ұйымдары мен әскери

құрамаларында шифрлау жұмысын ұйымдастыру болып табылады.";

6-баптың 2-тармағы "арнаулы қызметтерімен" деген сөздерден кейін "және үкіметтік байланыс органдарымен" деген сөздермен толықтырылсын;

7 - б а п :

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетін" деген сөз тіркесінен кейін "Ұлттық қауіпсіздік комитеті жанындағы үкіметтік байланыс органы" деген сөздермен толықтырылсын, одан әрі мәтін бойынша; "әскери қарсы барлау органдары" деген сөздерден кейін "Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскерлері" деген сөздермен толықтырылсын, одан әрі мәтін бойынша;

8-баптың 1-тармағының 2)-тармақшасы "басқармаларын" деген сөзден кейін "Ұлттық қауіпсіздік комитеті жанындағы үкіметтік байланыс органын" деген сөздермен толықтырылсын, одан әрі мәтін бойынша; "әскери қарсы барлау органдары" деген сөздерден кейін "Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскерлерін" деген сөздермен толықтырылсын, одан әрі мәтін бойынша;

5)-тармақша "атауы" деген сөздерден кейін "өзінің рәміздері мен айырым белгілері" деген сөздермен толықтырылсын, одан әрі мәтін бойынша;

мынадай мазмұндағы 8-1, 10-1-баптармен толықтырылсын:

"8-1-бап. Ұлттық қауіпсіздік комитеті жанындағы үкіметтік  
б а й л а н ы с о р г а н ы

1. Ұлттық қауіпсіздік комитеті жанындағы үкіметтік байланыс органы ұлттық қауіпсіздік органдарына үкіметтік байланысты қамтамасыз ету жөнінде жүктелген міндеттерді іске асыру үшін құрылады.

2. Ұлттық қауіпсіздік комитеті жанындағы үкіметтік байланыс органы заңды тұлға болып табылады, олардың нақты және шартты атаулары, тиісті мөрлері мен мөртаңбалары, банктерде шоттары, негізгі қорлары болады.";

"10-1-бап. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскерлері

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскерлері бейбіт кезде және соғыс уақытында ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді орындауға арналған үкіметтік байланыс әскерлері мен басқа да әскерлерден құралады.";

12-баптың 16)-тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"16) шифрлау және шифрды ашу жұмысын ұйымдастыруға, арнаулы байланыс түрлерінің үкіметтік және өзге де жүйелерін пайдалануға, дамытуға, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;".

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК